



# TENGE MONITOR

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ

Газет 2006 жылдың 15 желтоқсанынан шыға бастады

// 15 СӘУІР 2021 ЖЫЛ

СТАТИСТИКА

## ӘЛЕМДЕГІ КАРАНТИНГЕ ҚАРАМАСТАН, ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚЫТАЙҒА ЭКСПОРТЫ 15%-ҒА ӨСТІ



Былтыр Қазақстан сыртқы саудасының жалғыз үлкен арнасы Қытай болды. Осы елмен сауданың арқасында карантин кезінде сауда балансының профициті төмендеген жоқ. Биыл да Қытайға экспорт көбеймесе, азаймайды.

ТӘУЕКЕЛ БАҚАШ

Былтыр Қытайдың жалпы ішкі өнімі, алдыңғы жылдарға қарағанда төмен болғанымен, біршама өсіпті. Әлемдік банк Қытай экономикасының өсуі 2% болды дейді, Пекиннің өсі болса, 2,3%-ға өсті деп хабарлайды.

Қытайдың Қазақстанның сыртқы сауда саласындағы үлесі 2008-2009 жылдардағы дағдарыстан кейін тез өсті. Еліміздің Қытай

экспортындағы үлесі бір жыл ішінде 14%-дан 18%-ға дейін жоғарылады, бұл сан осы уақытқа дейін көбейіп келеді (2020 жылдың қорытындысы бойынша 20%). Осы шамада Қазақстан ҚХР-ға жүргізген мұнай-газ құбырын толық салып бітірді, өйткені Қытайдың бұл шикізатқа сұранысы ешқашан азайған емес.

Былтырғы жағдайға келсек, Қытай экономикасы біздің тауардың экспортын 15%-ға (барлығы \$9 млрд) өсірді, ал керісінше ҚХР-дан Қазақстанға импорт 3%-ға (\$6,3 млрд-қа) қысқарған. Қытаймен сауда салдосы осылайша екі есеге өскен.

Әрине, Қытай экспортындағы бірінші позиция – минералды өнім, оның басым көпшілігі – мұнай мен газ. Экспорт көлемі 2020 жылы \$2,7 млрд болды. Бейнеу – Бозой – Шымкент газ құбыры іске қосылғаннан кейін газ экспорты

өсті, жана құбыр қазір Қызылорда мен Түркістан облыстарын да газбен қамтып отыр.

Дегенмен, Қытайға жіберілетін тауардың ішінде біздің металдың салмағы басым. Мырыштың 75%-ы, органикалық химия өнімінің 68%-ы, мыстың 66%-ы, металл кенінің 50%-ы, темір мен болаттың 31%-ы Қытай нарығына кетеді.

Соңғы жылдары біздің ауыл шаруашылығы өнімі де Қытайға кіріп жатыр. Мынадай үлеспен: дәнді дақыл экспортының шамамен 7%-ы, майлы дақылдың 37%-ы, өсімдік майының 46%-ы. Қытай болса, Қазақстанға тұрмыс затын, тұтыну тауарын жеткізіп отыр, оның ішінде аяқ киім импорттың өзі – 63%. Сонымен бірге пластик бұйымның 22%-ы, резинкелің 23%-ы, бейорганикалық химия өнімінің 36%-ы, машина құрастыру саласының өнеркәсіп (16%) және

электр (34%) машинасынан бастап автомобильге (15%) дейін импортталады.

Қазір Қазақстан экспортының 31%-ын Қытай алып отыр. Жүк транзитіндегі \$10-ның \$9-ын Қытай береді, яғни шығыстағы мемлекетке кіретін темір жол мен фураның үлесі зор деген сөз. Мысалы, 2020 жылдың тоғыз айында жүк тасымалынан \$1,8 млрд, ал 2019 жылы \$2,4 млрд пайда түскен.

Транзит саласында бұл ғана емес, Ресейдің «Роснефть» және Қытайдың CNPC компаниясы арасындағы келісімшарт аясында 2014 жылдан бастап біздің мұнай құбырымен Қытайға жылына 10 млн тонна мұнай жөнелтіледі. «Роснефтьпен» келісімшарт 2024 жылға дейін ұзартылды.

ҚАЗАҚСТАН ҚОР НАРЫҒЫ

АКЦИЯЛАР	Risers	Last	%Δ1D	%Δ1M
CSBN 14.04.21 17:30	236,87	+1,23	+7,67	
HSBK 14.04.21 17:30	155,59	+0,71	+10,35	
KCEL 14.04.21 17:30	2 473,00	+0,53	+3,95	
KEGC 14.04.21 17:30	1 707,00	+0,12	+2,46	
KASE Индексі 14.04.21 17:30	3 228,83	-1,59	+8,07	

АҚША НАРЫҒЫ	Symbol	Last	%Δ1D	%Δ1M
TONIA 14.04.21 17:15	9,51	+0,39	+0,14	
TRION 14.04.21 16:57	9,53	+0,38	+0,12	
TWINA 14.04.21 16:23	8,99	+0,09	-0,01	
SWAP-1D (USD) 14.04.21 17:02	8,56	-1,89	+0,36	
SWAP-2D (USD) 14.04.21 17:02	8,54	-0,28	-0,24	
MM Index 14.04.21 17:04	9,49	+0,36	+0,13	

КОРПОРАТИВТІК ОБЛИГАЦИЯЛАР	Deals	Yield	DTM
BASPb7 14.04.21	10,40	-	
KFUSb1 14.04.21	10,15	-	
KZIKb30 14.04.21	11,00	-	
KFUSb10 14.04.21	10,30	-	
KFUSb11 14.04.21	10,35	-	
CSBNb18 14.04.21	9,70	-	

МЕМЛЕКЕТТІК БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР	Deals	Yield	DTM
MOM060_0051 14.04.21	9,30	-	
MKM012_0148 14.04.21	8,75	-	
MUM132_0004 14.04.21	9,30	-	
UA_01_2811 14.04.21	7,00	-	
NTK091_2706 13.04.21	9,45	-	
MKM012_0149 13.04.21	9,30	-	

> [ 3 ]

ӘЛЕМДІК ҚОР НАРЫҒЫ


Индекстер	Value	%Δ
KASE	3 112,32	0.42% ↑
FTSE 100	6 900,35	0.14% ↑
CAC 40	6 203,13	0.31% ↑
S&P 500	4 141,17	0.29% ↑
Dow Jones	33 677,27	-0.20% ↓
Nikkei 225	29 620,99	-0.44% ↓
DAX	15 226,05	-0.05% ↓
Nasdaq	13 996,10	1.05% ↑

Тауарлар	Value	%Δ
Мұнай	64,78	1.74% ↑
Алтын	1 746,25	-0.08% ↓
Платина	1 178,60	1.86% ↑
Палладий	2 680,50	-0.61% ↓
Табиғи газ	2 634	0.57% ↑
Алюминий	2 313,00	0.37% ↑
Күміс	25,438	0.05% ↑

Валюта нарықтары	Value	%Δ
USD/KZT	430,955	-0.63% ↓
EUR/KZT	515,615	-0.49% ↓
USD/RUB	75,6695	-0.34% ↓
USD/CAD	1,2559	0.22% ↑
USD/JPY	108,95	-0.10% ↓
EUR/USD	1,1962	0.14% ↑
GBP/USD	1,3763	0.10% ↑

БАСПАНА

### Тұрғын үй нарығы қалай өзгерді?



Қазақ құрылыс және сәулет ғылыми-зерттеу және жобалау институты («ҚазКСҒЗИ» АҚ) зерттеу жұмысын жүргізіп, 2000 жылдан бастап 2020 жылға дейін тұрғын үй құрылысының қалай дамығанын анықтады. «ҚазКСҒЗИ» АҚ институты – Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің ведомстволық бағынышы ұйымы, оның қызмет түрлерінің бірі – құрылыстағы баға бағбалу мәселелері бойынша зерттеулер жүргізу болып табылады.

ИСАТАЙ ҚАМБАРОВ

ҚазКСҒЗИ мамандары тұрақты негізде құрылыс материалдарының, конструкциялардың, сондай-ақ монтаждау жұмыстарының бағаларына мониторинг жүргізеді. Мониторинг 3000-ға жуық тауарлар мен қызметтерді жеткізушілер қатысады. ҚазКСҒЗИ мамандары соңғы 20 жылдағы Қазақстандағы тұрғын үй бағасының динамикасын бақылап, 2000 жылдан бастап

шаршы метрі орташа есеппен 21 мың тенге, ал қайталама нарықта – 8 мың тенге тұрғанын анықтады.

Бағаның өсуі 2004 жылы басталды – жана тұрғын үй кешендерінде тұрғын үйін шаршы метрі 70 мың тенге, ал қайталама нарықта бір шаршы метр үшін 40 мың тенгеге сатылды. Бағаның күрт өсуі 2007 жылы орын алды: жана құрылыстарға бағалар бір шаршы метр үшін 161 мың тенгеге дейін көтерілді, қайталама нарықтағы тұрғын үйлер де қымбаттады – 1 шаршы метр үшін 136 мың тенге.

Тұрғын үй бағасының екінші күрт өсуі 2015 жылы орын алды, жана құрылыстарда бір шаршы метр орташа есеппен 258 мың тенге, ал қайталама нарықта бір шаршы метр 190 мың тенге тұрды.

2016 жылдан 2018 жылға дейін қайталама нарықтағы бағаның біршама төмендеуі байқалды.

2018 жылы бір шаршы метр 186 мың тенгеге дейін арзанды, ал жана құрылыстарда бағалар әрі қарай өсе берді – бір шаршы метр үшін 267 мың тенге.

> [ 4 ]

КОРШАҒАН ОРТА



### Табиғатқа келтірілген залал тым қымбатқа түседі

Ақтөбе өңіріндегі табиғат пайдаланушы ірі өнеркәсіп орындары экологияға келетін зиянды азайту жөніндегі шараларды жеделдетуі керек. Мәселен, қала ауасына тараптың лас шығарындардың 50%-ы Қазқром компаниясының Ақтөбе феррокорынта зауытына тиесілі.

БОТАГӨЗ ӘБДІРЖАҚЫЗ

Биыл қабылданған жана Экологиялық кодекстің барлық нормаларын орындай отырып, жұмыстарын сонау 50-60 жылдары бастаған ірі кәсіпорындар өндіріске газ, озық, қолжетімді технологияларды енгізуі тиіс.

> [ 5 ]



## БИЗНЕС&amp;ЖАҢАЛЫҚ

## АПТА ТЫНЫСЫ

## ▶ Нұрлы жер

## Шығынның 50 пайызы төленеді



**Индустрия және инфрақұрылымдық даму бірінші вице-министрі Қайырбек Өскенбаев ауылдық жерде өз қызметкерлеріне баспана салған жұмыс берушілерге құрылыс субсидияларының 50 пайызын субсидиялау қалай іске асатынын түсіндірді.**

Президент тапсырмасына сәйкес ауылдарда қызметкерлер үшін тұрғын үй салу кезінде жұмыс беруші шығындарының 50%-ын субсидия-

лау көзделген. «Жұмыс берушілер сол ауылда өзіне қажет мамандарға үй салу үшін ақша жұмсайын десе, жергілікті әкімшіліктерге тізімін береді. Әкімшіліктер ол тізімді бізге жолдайды. Біз ол жобаларды тексергеннен кейін рұқсат береміз. Осылайша ауылда жұмыс беруші азаматтар өз қызметтеріне үй салғаннан кейін оған кеткен шығынның 50 пайызын мемлекет субсидия арқылы қайтарып береді», — делі вице-министр орталық ком-

муникациялар қызметінде. Оның айтуынша, қазіргі таңда 76 ауданда 2 855 тұрғын үйге қажеттілік бар. Яғни олардың құрылысын субсидиялау үшін республикалық бюджеттен 14,3 млрд тенге бөлу қажет. Осы шарда вице-министр баспана кезегіндегілердің тұрғын үй жалдау шығыны қалай субсидияланатынын түсіндірген болатын. Қ.Өскенбаевтың айтуынша, бұдан былай баспана кезегінде базаға қайта енгізуге жол берілмейді.

## ▶ Еңбек қатынастары

## Қанша адам қолайсыз жағдайда жұмыс істейді?



**Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы зиянды және қолайсыз еңбек жағдайында жұмыс істейтін қызметкерлер санын жария етті.**

Зиянды және басқа да қолайсыз еңбек жағдайларында жұмыс істейтін қызметкерлердің саны туралы ақпаратты алу мақсатында Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы экономикалық қызметтің жекеленген түрлеріндегі қаспоярлар мен ұйымдарға жыл сайын

зерттеу жүргізген. Зерттеуде ауыл, орман және балық шаруашылығы, өнеркәсіп, құрылыс, көлік және байланыс, денсаулық сақтау және халыққа әлеуметтік қызмет көрсету, ғылым және қызмет көрсету саласындағы қаспоярлар қамтылады.

Ведомство мәліметінше, зерттеу нәтижесінде санитарлық-гигиеналық талаптарға (нормаларға) сай келмейтін жағдайларда 366,9 мың адам немесе зерттелген қаспоярдағы қызметкерлердің жалпы санының 22,3 пайызы жұмыс істейтіндігі анықталған. Оның ішінде шудың және дірілдің

жоғары деңгейі жағдайында 169,8 мың адам, ШҰҚ-дан (шектелуі ұйғарымды концентрациядан) асып жұмыс аймағындағы ауаның газдануы мен шандануы асөрінде — 119,7 мың адам, қолайсыз температуралық режимде — 62,2 мың адам, басқа қолайсыз факторларда — 15,2 мың адам еңбек еткен. Ауыр дене еңбегімен шұғылданатын қызметкерлер саны — 94,3 мың адам. 2020 жылы қаспоярлар (ұйымдар) зиянды және басқа да қолайсыз еңбек жағдайларындағы жұмыс үшін өтемақтар мен жеңілдіктерге 141 545,8 млн теңге жұмсады. Қосымша демалыс (жеңілдіктің түрі) 520,6 мың адамға берілді. Зиянды және басқа да қолайсыз еңбек жағдайында әртүрлі материалдық қосымша төлемдерді 392,1 мың адам пайдаланды. 322,9 мың адам сүт немесе тегін бағалы тағам өнімдерін тегін алды. 79,8 мың адам тегін емдік-профилактикалық тамақтанумен қамтамасыз етілді. Ал 47,1 мың адам қысқартылған жұмыс күні режимінде жұмыс істеді.


## ▶ Министрлік жауабы

## Қазақстанға AstraZeneca жеткізіле ме?

**Денсаулық сақтау министрлігі AstraZeneca вакцинасын сатып алу туралы хабарды теріске шығарды, деп хабарлайды Қазақпарат.**

Бұған дейін әлеуметтік желілерде министрліктің AstraZeneca вакцинасының 3,2 млн дозасына тапсырыс бергені туралы ақпарат шыққан еді. «Бұл ақпарат шындыққа сай келмейді. Барлық компания өкілдерімен келіссөздер жүріп жатыр», — деп жауап берді ДСМ баспасөз қызметі.

Апта кетейік, Денсаулық сақтау министрлігінің дерегіне сәйкес, 2021



жылдың 14 сәуірінде Қазақстанда 435 393 адам коронавирусқа қарсы вакцина салды. Оның ішінде 1

компоненттен екіге алған адамдар саны 435 393, 1 компоненттен екіге алған адамдар саны — 107 121.

## ▶ ҮКІМЕТ: КЕЛЕЛІ МІНДЕТТЕР КӨШІНДЕ

## Әлеуметтік-экономикалық даму: Бірінші тоқсан не берді?

**Үкімет еліміздің бірінші тоқсандағы әлеуметтік-экономикалық дамуын және республикалық бюджеттің атқарылуын қорытындылады. Сондай-ақ жылда күн тәртібіндегі өзекті мәселе — елдегі санитарлық эпидемиологиялық жағдай баяндалды. Премьер-министр Асқар Мамин іс-қимылды ширатып, міндеттерді тиімді іске асыру керектігін шығызды.**

Алғашқы тоқсанда еліміздің өңдеуші өнеркәсібінің барлық секторларында он қарқын сақталып, жиынтық көрсеткіші 107,5%-

кезең-кезеңмен сәйкесінше мамыр, маусым және шілде айларында тәулігіне 6 мың баррельге ұлғайтылған. Көрсетілген кезеңде 13,9 млрд текше метр көлемінде газ өндірілген. Тауарлық газды ішкі тұтыну көлемі 6,6 млрд текше метрге жетті. Сұйытылған мұнай газын өндіру көлемі 817 мың тонна. Экспортқа шығарылған газ көлемі 2,1 млрд текше метр. Биылғы қантар-наурыз айларының қорытындысы бойынша 3 млн тоннадан астам мұнай өнімдері өндірілді, бұл көрсеткіш жоспардың 96,4%-ы.

Барлық өнімдерде кірістер бойынша жоспарлар артығымен орындалды. Мемлекеттік бюджеттің шығыстары 99,5%-ға, республикалық бюджеттің шығыстары 99,8%-ға, жергілікті бюджеттердің шығыстары 99,1%-ға атқарылды. Республикалық бюджет бойынша сомасы 3,5 трлн теңгеге шығыстар жүргізілді. Ақарылмау 7 млрд теңгені құрады, оның 4 млрд теңгесі — үнемдеу, 3 млрд теңге игерілмеген. Жергілікті бюджеттердің шығыстары 1,4 трлн теңге, 13 млрд теңге атқарылмаған. Ағымдағы жылы өнімдерге 1,9 трлн



Ауыл шаруашылығында жалпы өнім көлемі 2,8%-ға артып, 591,3 млрд теңгені құрады. Бұл өсім негізінен мал шаруашылығындағы өндіріс көлемінің 3%-ға — 551,1 млрд теңгеге ұлғаюы есебін қамтамасыз етті. Сондай-ақ тірі салмақта ет өндіруде 5,1%-ға және сүт өндіруде 3,4%-ға жоғары өсім байқалды. Өсімдік шаруашылығы өнімдері 33,5 млрд теңгеге өндірілді, НКИ 100% деңгейінде. Бұл көлем жабық топырақта ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру есебін қамтамасыз етті. Өнімдер бөлінісінде республикалықтан жоғары қарқын 4 облыста: Ақмола, Жамбыл, Қарағанды және Павлодар аймақтарында байқалды. Көрсетілген кезеңде азық-түлік өнімдерінің өндірісі 3,3%-ға өсіп, 487,2 млрд теңгені құрады. Бұл ретте қызылша қанты өндірісінің 28,3%-ға, сары май 26,8%-ға, жарма 21%-ға, өңделген күріш 19,7%-ға, өсімдік майы 17,5%-ға, ірімшік пен сүзбе 9,3%-ға, ұн 9%-ға, өңделген сүт 4,7%-ға өскені байқалады. Ауыл шаруашылығының негізгі капиталына салынған инвестициялар көлемі 54,8%-ға артып, 112,3 млрд теңгені, азық-түлік өнімдері өндірісі 86,8%-ға артып, 24,3 млрд теңгені құрады.

Ағымдағы жылдың бірінші тоқсанында мемлекеттік қаржының атқарылу көрсеткіштері келесідей қалыптасты. Мемлекеттік бюджетке 2 трлн 219 млрд теңге сомасында кірістер түсті немесе жоспар 111,4%-ға атқарылды. Республикалық бюджетке 1 трлн 351 млрд теңге сомасында кірістер түсті немесе жоспар 101,2%-ға атқарылды. Жалпы кірістер бойынша жоспар 16 млрд теңгеге артығымен орындалды. Оның ішінде салықтар 5 млрд теңгеге атқарылмаса, салықтық емес түсімдер 20 млрд теңгеге асыра орындалды. Салықтар бойынша негізгі атқарылмау сомасы іште өндірілген тауарларға салынатын қосылған құн салығына және корпоративтік табыс салығына тиесілі. Жергілікті бюджеттердің кірістері 132,1%-ға атқарылып, 868 млрд теңгеге теңесті. Жоспар 211 млрд теңгеге, оның ішінде салықтар бойынша 189 млрд теңгеге асыра орындал-

теңге сомасында нысаналы трансферттер көзделіп, 328 млрд теңге бөлінген. Оның 99,2%-ы игерілген, 2,5 млрд теңге атқарылмаған. Үкімет басшысы өнімдердің әкімі мен мемлекеттік органдардың басшыларына әлеуметтік-экономикалық дамуын жоспарлы көрсеткіштеріне қол жеткізуді және Мемлекет басшысы алға қойған міндеттердің тиімді іске асырылуын қамтамасыз етуді тапсырды.

Отарыстың екінші бөлігінде елдегі санитарлық-эпидемиологиялық жағдай қалғанды. Келтірілген мәліметтерге сәйкес, республика бойынша вирустың репродуктивтік көрсеткіші 1,15 болып тұр. Инфекциялық төсек орындарының жүктемесі 41%, реанимациялық төсек орындары — 27%. Қазіргі уақытта Covid-19 таралу қарқыны бойынша Нұр-Сұлтан және Алматы қалалары, Батыс Қазақстан, Алматы, Атырау, Ақтөбе, Ақмола және Қарағанды облыстары «қызыл аймақта». Шығыс Қазақстан және Түркістан облыстарын қоспағанда, қалған барлық өңірлер — «сары аймақта».

Үкімет басшысы әкімдерге эпидемиологиялық жағдайға байланысты желді шектеу шараларын қабылдауды, барлық емдеу мекемелерін дәрі-дәрмектер мен медициналық бұйымдардың қажетті көлемімен толық қамтамасыз етуді, санитарлық нормалар мен маска тағу режимін сақтауды күшейтуді тапсырды. Денсаулық сақтау министрлігі мен әкімдіктерге төсек орын қорытын толық дайындығын қамтамасыз ету, сондай-ақ қоғамдық орындарды, оның ішінде сауда орталықтарын пайдаланатын вакциналаудың қажеттілігін қамтамасыз ету тапсырылды. Сонымен бірге вакциналаудың маңыздылығы жөнінде ақпараттық-түсіндіру жұмыстары одан әрі жүргізілуде. «Қоғам санитарлық нормаларды сақтау мен вакцинация пандемияның таралуын тоқтатуға мүмкіндік беретінін түсіну керек», — делі А. Мамин.



# БИЗНЕС&НАРЫҚ

## СТАТИСТИКА

# Әлемдегі карантинге қарамастан, Қазақстанның Қытайға экспорты 15%-ға өсті

> [1]

Қытай мен Еуропа, Қытай мен Иран, Қытай мен Орталық Азия елдері арасындағы теміржол контейнері транзитінің басым бөлігі Қазақстан арқылы өтеді. 2019 жылдың қорытындысы бойынша «Қазақстан темір жолының» Қытайға бір жылдық транзит көлемі 24%-ға көбейген, сонымен бірге жалпы транзит Қытай – Еуропа – Қытай бағыты бойынша 12%-ға, Қытай – Орталық Азия – Қытай – 56%-ға, Қытай – Иран 43%-ға өскен.

Қытай тікелей инвестор ретінде де қазір белсенді қимылға көшті.

Қытайдың Қазақстандағы тікелей инвестициясының басты бағыты – көлік (48%) және тау-кен секторы (20%).

Қытай мемлекеттік компаниялары біздің ұлттық компаниялармен бірлесіп «Азиатский газопровод» (қуаты – жылына 30 млрд текше метр газ) және «Казхстанско-Китайский трубопровод» (Кенжик – Күмкөл, Атасу – Алашанқо учаскелері; қуаты – жылына 20 млн тонна) серіктестіктерін бақылайды.

«СНРС - Ақтөбе мұнай газ», «Манғыстаумұнайгаз», NSOC және кен орнын игеретін

бірқатар компаниялар Қытай инвесторына тиесілі. KazService қауымдастығының дерегі бойынша, елімізде өндіретін мұнайдың 17%-ын Қытай компаниялары алады.

Қазақстан уранның үлкен бір тұтынушысы да – ҚХР. «Қазатом-өнеркәсіп» корпорациясы уран өндіретін «Орталық» ЖШС-інің 49%-ын Қытайдың China General Nuclear Power Corporation корпорациясына сатты. Бұл корпорация қазір біздің елде жылу бөлетін құрама өндірісі орнын салып жатыр. Осы өндірістің жылына 200 тонна өнімі Қытайға жеткізіліп отырмақ.

Қытайдың тікелей инвестициясы еліміздің экономикасын басқа да секторлары етеп еніп жатыр. Мысалы, өңдеу өнеркәсібі, құрылыс, көтерме және бөлшек сауда, қаржы секторы.

Қазақстан мен Қытайдың теміржол басқармалары биыл 25,2 млн тонна жүк тасымалдамақ болып келісіп отыр. Бұл былтырғымен салыстырғанда 16,6%-ға жоғары.

Оның ішінде Қазақстаннан Қытайға 16 млн тонна көлемінде тасымал көлемі келісілді, бұл 2020 жылдың көрсеткішінен 14,6%-ға жоғары. ҚХР-дан Қазақстанға 9,2 млн тонна импорт жеткізіледі, бұл



былтырғыдан 20%-ға артық, – деп жазады «Қазақстан теміржолы – Жүк тасымалы» компаниясының баспасөз қызметі.

Сонымен бірге биыл Достық – Алашанқо шекарасынан 16,4 млн тонна жүк, Алтынкөл – Қорғас шекарасынан 8,8 млн тонна жүк тасымалдау жоспарланды.

Осы жерде еске сала кетейік, жыл басында ҚХР біздің елден шығатын жүкті пандемияға байланысты қабылдамай, шекараны бірқатары тәртіптен жапқан болатын. Соның салдарынан тасымал

жоспары биылдың алғашқы екі айында 74%-ға ғана орындалған еді. Қазір бұл түйткіл шешілді.

Дегенмен «Қазақстан теміржолы – Жүк тасымалы» компаниясының үстінен былтырдан бері клиентті тасымалдау және оларға қызмет көрсету саласында міндет орындалмағаны туралы 6 мың шағым түскен екен. Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі ҚТЖ-ның үстінен келіп түскен арыз-шағым бойынша Қытай теміржол әкімшілігіне желдехат жолдап, жауап күтіп отыр.

## ӘЛЕМДІК АҚПАРАТ



WORLD BANK GROUP

### Инвестициялық белсенділік артады

Қазақстанның, 2020 жылы өсімі байқалған, сыртқы саудадағы жалғыз ірі арысы Қытай болып отыр. Атап айтқанда, Қазақстанның Қытайға экспорты былтырғы дағдырасты жылы 15%-ға артыпты. Осы елмен саудадағы жағымды серпіннің арқасында – Қазақстан үшін сауда теңгерінде негігі компоненті болып табылатын – сауда балансының профицитті тереңірек құлдырап кетпеуіне қол жеткізілді.

Өткен жылы Аспан асты елінің ІЖӨ, бұрынғы жылдарға қарағанда, төменірек қарқынмен болса да өскенін атап көрсетеді сарапшылар. Дүниежүзілік банк (ДБ) Қытай экономикасының өсімін 2%-ға бағалап отыр, ал Пекиннің өзі 2,3%-ға өсті деп хабарлаған болатын. Қытай экономикасы таяудағы жылдары да орташа әлемдікпен жоғарырақ өсе түседі, дейді ДБ сарапшылары.

Қазақстан үшін Қытай экономикасындағы жағымды жағдай шикізатты да, сондай-ақ технологиялық мақсаттағы күрделі тауарларды да өткізетін ықтимал нарықтың одан әрі кеңейетінін, оның үстіне қытайлық капиталдың инвестициялық белсенділігі артатынын аңартады. Сосын бұл Батыс және ресейлік нарықтарында теңдей жағдайда игеруге де әсерін тигізбек.



### Еуропа туристерге тамыздан ерте ашылмайды

Еуропа елдері туристер үшін шекараларын тамыз-қыркүйек айларынан ерте аша қоймайды-ау, деп есетейді Еуропалық туристік ассоциацияның (ЕТОА) бас директоры Том Дженкинс. Бұл ретте Қазақстанға да қазіргідей күрделі жағдайда тын тараптарды іске қосу қажеттігі туындап отырғаны рас.

«Көптеген елдер қазір туристерге саяхаттауға мамырдың аяғынан бастап рұқсат етуге тырысауда, бірақ мен демалыс бағыттарының көпшілігі ашыла қояды деп ойламаймын. Маусым-шілде – Еуропа ашылуы мүмкін айлардың бастамасы. Дегенмен де, кез-келген елдерден туристердің жалпай ағылуды тамыз-қыркүйекке дейін қалыпқа түсе қоймайды», – делі Т.Дженкинс Еуропа, Азия және Ресей қоғамдық туристік бірлестіктерінің он-лайн көрсеміндегі сөзінде.

Өз кезегінде тахуда «Kazakh Tourism» ҰҚ АҚ басқармасының төрағасы Ержан Еркінбас Instagram парақшасында Байқоңыр аршып айлағын туристік бағыт ретінде дамыту туралы жоспарлармен бөлісті. «Ашығын айтқанда, осынау гажайып ғарыштық мегақашен кез-келген осында келуді қалағандар мен балалар үшін қолжетімді болуы тиіс! Қазір біз ресейлік әріптестерімізбен осы мәселелерді, атап айтар болсақ, режисмді шешулермен Байқоңыра туризмді дамытуды кенінен талқылаудамыз», – дейді ол.



### Ең бай қазақстандық – Владимир Ким

Forbes журналы әлемнің ең бай адамдары тізімін жариялады. Солардың ішінде Қазақстанның 7 бизнесмені бар, олар – Владимир Ким, Болат Өтемұратов, Вячеслав Омар, Михаил Ломтадзе, Тимур Құлыбаев, Динара Құлыбаева және Тимур Турлов бар, деп жазады Karipal. Кз іскерлік ақпарат орталығы аталым рейтингке сілтеме жасап.



Владимир Кимнің активтерін Forbes 4,6 млрд долларға бағалаған, соңғы бір жылда ол 900 млн долларға байы түскен. 2021 жылы рейтингте бизнесмен 128 орынға, 494-іншіден 622-інші орынға дейін төмендеген. Болат Өтемұратов 3,4 млрд доллармен 891-інші орын иеленіпті, бір жылдағы көрсеткіші 700 млн долларға өскен. Тимур Құлыбаев, 2,8 млрд доллар қорымен 743-іншіден 1111-інші орынға сырғанан.

Бұл – 35-інші жыл сайынғы тізім. Бір жылда әлемдегі ең бай адамдар саны 660 адаммен – 2755-ке дейін толыққан, олардың жалпы қорын рейтинг авторлары 13,08 трлн долларға бағалап отыр. Бұл былтырғыдан 5,08 трлн долларға артық. Жанадан тізімге ілкікендер – 493. Тізімнен 84 бизнесмен шығып қалған.

Батыр РАХМЕТҰЛДИН

## ЦИФРАЛЫ ҚАЗАҚСТАН

# Айшылық алыс жерлерден жылдам хабар алғызған

Өткен жылы әлемді дүріктірген коронавирус індеті елімізге де елеулі өзгеріс әкелді. Пандемияның таралуына жол бермеу мақсатында Қазақстанда төтенше жағдай режимі орнап, карантин жарияланғандан кейін бірқатар мекемелер мен кәсіпорындардың жұмысы тоқтады, банкротқа ұшырағандары да аз болмады.

ГҮЛМИРА МЕРАЛИНА

Осы кезеңде аталған індеттің ушығуына қарамастан тиісінше халыққа қызмет көрсетіп, ел аяғына бөленген мекеменің бірі, республика аймағында 25 мыңға жуық адамды тұрақты жұмыспен қамтып отырған «Қазпошта» акционерлік қоғамының кешендік пошталық жұмысын ерекше атап өтуге болады. «Пошта же келген мемлекетке қала мен ауыл арасына жол салып, қызмет көрсетумен қатар халықаралық байланыста да үлкен рөл атқарады. «Қазпошта» АҚ-тың Алматы филиалы – «Алматы поштаманы» жетпіске жуық бөлімшесі бар, онда мыңнан астам адам қызмет етеді. Поштаманы атқаратын жұмыс есеп айырысу шотынан бастап бюджеттік-қазыналық ұйымдар чегіне қызмет көрсету, барлық банктік операцияларды және агенттік келісімдер негізінде несие берумен аяқталады. «Бір терезе» ұстанымы бойынша халыққа қызмет көрсету орталықтары жұмыс істейді. Жазба хат-хабарларды, банделерлер мен сәлемдемелерді, мерзімді басылымдарға жазылуы қабылдау, оларды тасымалдау, жіберу, жеткізіп беру және бөлшек сауда арқылы сату жұмыстары жүзеге асырылады. Сонымен қатар салық пен несенің басқа банктестер



ге төлеу, әуе-темір жол билеттерін сатып алу, интернет жүйелері, пост Кз. мобильді қосымшаларды, төлем карталарды, Каспий төлемдерін, коммунальдық төлемдер жеке тұрғындар қолма-қол немесе банктік қол арқылы ақша алу ақысыз негізде жүргізіледі. Өзіміздің күнделікті жұмыстарымызда халықаралық денгейге сай сапалы қызмет көрсету және тұтынушылардың қанағаттанушылығын арттыруға ден қоямыз», – дейді «Қазпошта» АҚ-тың Алматы филиалы – «Алматы поштаманы» директорының орынбасары Нұрәулет Кабылов.

Қазіргі уақытта құрылымдық бөлімшелердің барлығы керекті банккоматтар, посттерминалдармен жабдықталған. «Қазпошта» акционерлік қоғамының торабында 3000-нан аса бөлімшесі бар. Жасыратыны жоқ, бұрын «Қазпоштан» қызмет көрсету сапасына көпшіліктің көңілі толмайтын. Осының салдарынан ұзын-сонар

кезеңге тұрғандар уақытында қызмет көрсетімегендіктен соны дау-жанжалмен аяқталады.

Осыдан біраз жыл бұрын «Қазпошта» АҚ трансформация бағдарламасын жүзеге асыру аясында компания жаңашылыққа бет бұрып, өз қызметіне заманауи технологиян енгізді. Нәтижесінде пошта қызметінің жан-жақты жұмыс артып, көлемі ұлғайды. «Қазпошта» АҚ-та электронды пошта арқылы хат-хабарларды қабылдайтын және жөнелтетін гибриді пошта, сәлемдемелер мен халықаралық ақша аударымдарын жүзеге асыратын «Иннестрим», желделетінген хаттарды қабылдайтын және жеткізетін – EMS, желделетілген ақша аударымы – «Сәлем тенге» сынды қызмет түрлері көрсетіледі.

Қарқынды дамып келе жатқан цифрлық технологиялар ғасырында пошта инновациялардың бағыттаушысы рөлін алды. Жанаңдық сауда мен коммерцияға жол ашып, жұмысты жаңа форматтарын таба отырып айтулы жетістіктерге қол жеткізіп келеді. Компания қызметкерінің әрқайсысы қазақстандықтары еліміздің ең шалай түркілерінде пошталық, қаржылық және агенттік қызметтердің барлық спектрің алуға мүмкіндік бере отырып, кейде оларды үлкен қалалармен және әлемнің басқа елдерімен байланыстыратын жалғыз мекеме секендігін ескеріп, маңызды әлеуметтік миссияны орындайды. Қазіргі уақытта «Қазпошта» АҚ-тың Алматы қалалық филиалының басым міндеттерінің бірі – лайықты және жан-жақты дамыған сервістік компания болу. Айта кету керек, байланыс бөлімшелерінің қызметкерлері клиенттердің пошта жөнелтілудерін уақыты алуы



## БИЗНЕС&amp;НАРЫҚ

## НАРЫҚ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

## ▶ ҰЛТТЫҚ БАНК

## АЛТЫН-ВАЛЮТА АКТИВТЕРІ ТӨМЕНДЕДІ

Әлемдік нарықтардағы ахуал аясында еліміздің алтын-валюта активтері төмендеді.

Наурыздағы алдын ала деректер бойынша, халықаралық резервтердің көлемі \$33,54 миллиардқа дейін, 1,1 млрд АҚШ долларына төмендеді (\$ – АҚШ доллары). Бұл төмендеудің негізгі себебі алтын бағасының бір айда бір унция үшін 1765 доллардан 1685 долларға дейін 4,5%-ға түсуі болды. Резервтер құрамындағы алтын қоржыны \$21,4 миллиардқа дейін 815 миллионға азайды, деп хабарлайды Ұлттық банктің баспасөз қызметі.

Хабарламада көрсетілгендей, еркін конвертацияланатын валютадағы активтер \$317 миллионға төмендеген. Оған негізгі себеп банктің бірінші еуробондтарын өтеуге негізделген Ұлттық банктің шоттарындағы екінші деңгейлі банктер қаражаты көлемінің төмендеуі, сондай-ақ \$72 миллион көлемінде сыртқы борышты төлеу болды.

Алтынның құны жоғары құбылмалылықты көрсетуде. 2020 жылғы маусымнан бастап ағаш рет 4 наурызда АҚШ-тың мемлекеттік бағалы қағаздар кірістілігінің өсуі аясында баға белгілеу бір унция үшін 1700 доллардан төмендеді. Бірақ сәуірдің басынан бастап алтынның бағасы 1753-ке дейін немесе 4%-ға өсті. Резервтердің құбылмалылығын төмендетіп, олардың өтімділігін арттыру үшін Ұлттық банк тартымды деңгейлерде алтын сату опциясын іске асыруды қоса алғанда, алтын нарығында опциондары сатып алу/сатуды қолдана отырып, қорғану стратегияларын қолдануды жалғастырып келеді.

## ▶ BUSINESS INTEGRITY FORUM

## ІСКЕРЛІК АХУАЛАДЫ ЖАҚСАРТУ МӘСЕЛЕЛЕРІНЕ АРНАЛДЫ

«Астана» халықаралық қаржы орталығы алаңында (АХКО) Business Integrity Forum өтті.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі АХКО-мен бірлесіп ұйымдастырған форум іскерлік ахуалды жақсарту және қасиеткерлер мен инвесторлардың құқықтары мен мүдделерін қорғаудың өзекті мәселелеріне арналды. Шараға КР Президентінің кеңесшісі, Президент жанындағы реформалар жөніндегі жоғары кеңес төрағасының орынбасары Сума Чакрабарти, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігінің төрағасы Алик Шпекбаев, Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің төрағасы, АХКО басқарушысы Қайрат Келімбетов, сонмен қатар мемлекеттік органдар, отандық бизнес, дипломатиялық корпус және халықаралық ұйымдардың өкілдері қатысты.

Форум мінберінен бизнесті сыбайлас жемқорлық қысымынан қорғау шаралары туралы баяндаған Алик Шпекбаев шетелдік және отандық инвесторлардың құқықтары мен мүдделерін қорғау ведомство жұмысының басым бағыттарының бірі екенін атап өтті. «Қазіргі таңда жалпы құны 38 млрд АҚШ доллары болатын 650-ден астам инвестициялық және бизнес жоба агенттіктің сыбайлас жемқорлыққа қарсы қамқорлығында. Әрбір үшінші жобада шетелдік инвесторлардың қатысуы бар. Олардың жалпы құны 21 млрд АҚШ долларына тең», – деді ведомство басшысы.

Мемлекеттік басқарудың жана тұжырымдамасы аясындағы негізгі міндеттердің бірі – бизнесті дамыту. «Соның ішінде сот және құқық қорғау жүйелерін жетілдіру, бизнесті реттеуді жаңадан бастау. Мемлекеттік аппарат қызметінің ашықтығы мен транспаренттігі, сонымен қатар ақпараттың барынша қолжетімділігі және алмасу жұмыстары қоғамның сенімін барынша арттыруға мүмкіндік береді», – деді өз кезегінде Қайрат Келімбетов.

Форум аясында «Қолайлы кәсіпкерлік ортаны дамыту», «Бизнес жүргізу тәжірибесі: проблемалары мен шешімдері», «Іскерлік этиканың үрдістері мен стандарттары» және тағы да басқа тақырыптар бойынша сессиялар өтті. Инвесторлар мен кәсіпкерлер бетпе-бет кездесіп, өзекті мәселелерді талқылайтын бизнес пен мемлекет арасындағы диалог алаңына айналған бұл форум аталған мәселелердің шешімін бірлесіп табу мақсат етті. Форум жұмысының қорытындысы бойынша бизнес-қауымдастық тарапынан түскен барлық ескертулер мен ұсыныстар үкіметке жолданды.

## ▶ АХКО

## ЭКСИМБАНКТИҢ ӨКІЛДІГІ АШЫЛАДЫ

АХКО алаңында Венгрияның Экспорт-импорт банкі – Эксимбанктің өкілдігі ашылды.

Ашылу салтанатына Қазақстан Республикасы премьер-министрінің орынбасары – сыртқы істер министрі Мұхтар Тілеуберді, АХКО басқарушысы Қайрат Келімбетов, Венгрия сыртқы экономикалық қатынастар және сыртқы істер министрі П. Сийярто, Қазақстандағы Венгрияның төтенше және өкілетті елшісі М. Галошфай, Эксимбанк президенті және бас директоры Г. Якли қатысты.

Шараға қатысушылар қос мемлекет арасындағы сауда және экономикалық қатынастар соңғы жылдары артып келе жатқанын айта келіп, пандемияға қарамастан 2020 жылы да бұл қарқынның төмендемегенін мәлімдеді. «Нұр-Сұлтан қаласындағы «Астана» халықаралық қаржы орталығында банк кенесінің ашылуы өзара ынтымақтастықты нығайтып, алдағы уақытта әлеуетті қаржылық әріптестермен жаңадан байланыс құруға ықпал етпек», – деді Эксимбанк президенті және бас директоры Тергей Якли.

Рымтай САҒЫНБЕКОВА

## ▶ БАСПАНА

## Тұрғын үй нарығы қалай өзгерді?


> [ 1 ]

Тұрғын үй бағасының күрт өсуі 2019 жылы тіркелді: қайталама нарықтағы бағалар бір шаршы метр үшін 200 мың тенгеге дейін, ал жана құрылыстарда 294 мың тенгеге дейін көтерілді. 2021 жылғы қаңтардағы деректер бойынша жана үйлердің бағасы 319 мың теңгені, ал бұрын салынғандар – 245 мың теңгені құрады.

Жылжымайтын мүлікті сатып алуға деген дүрлікпе сұранысқа және әлемдік нарықтағы жағдайға байланысты осы кезеңде құрылыс материалдары бағасының өсуі байқалуда. «Ұлттық статистика бюросының мәліметтері бойынша, 2004 жылы 2,6 миллион шаршы метр пайдалануға берілді және әрбір келесі жылмен өсім байқалды. 2015 жылы 8,9 миллион шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Ал 2020 жылы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің деректері бойынша бұл көрсеткіштер рекордтық 15,3 миллион шаршы метрге жетті. Құрылыстың жоғары қарқыны мен әлемдік нарықтағы бағалар құрылыс материалдарының қымбаттауына әкелді. Бұл ретте жылжымайтын мүлікке дүрлікпе сұраныс жана құрылыстарда да, қайталама нарықта да тұрғын үйдің шаршы метрі қунының рекордтық қымбаттауына алып келді», – деп түсіндірді «КазКСФЗИ» АҚ бас директоры Бегман Құлбаев.

Жүргізілген зерттеу деректеріне сәйкес, 2020 жылы көп пәтерлі тұрғын үй құрылысының үлесі бойынша мына мегаполистер көшбасшылар қатарында: Нұр-Сұлтан – 33,5%, Алматы – 21,1%, Шымкент – 5,7%. Өңірлердегі көп пәтерлі тұрғын үй құрылысының үлесі мынадай: Манғыстау облысы – 6,8%, Қарағанды облысы – 4,3%, Ақтөбе облысы – 4,1%, БКО – 3,2%, Ақмола облысы – 2,9%, ШКО – 2,9%, Костанай

## Өңірлердегі көп пәтерлі тұрғын үй құрылысының үлесі, 2020 жыл



облысы – 2,8%, Атырау облысы – 2,7%, Павлодар облысы – 2,3%, Түркістан облысы – 2,1%, Жамбыл облысы – 1,8%, Алматы облысы – 1,7%, Солтүстік Қазақстан облысы – 1,6%, Қызылорда облысы – 0,4% (инфографика).

Нұр-Сұлтанда монолитті темір бетоннан ғимараттардың 66%-ы, ал кірпіштен – 28%-ы салынған, елорда ғимараттарының арасында басымдықта көпкәбегі үйлер бар: 5-9 қабатты ғимараттарға 765 мың шаршы метр тиесілі және 745 мың шаршы метрге 10-19 қабатты үйлер салынған.

Алматыда да монолитті құрылыс басым – 62% және 32%-

ы кірпіштен салынған ғимараттар. Оның ішінде 874 мың шаршы метрі 10-19 қабатты жана құрылыстарға және 765 мың шаршы метрі 4 қабаттан төмен үйлерге тиесілі. Ақмола облысында да монолитті құрылыс кеңінен таралған – 53%, ғимараттардың 41%-ы кірпіштен салынған, 333 мың шаршы метрі 4 қабатқа дейінгі үйлерге тиесілі.

Шығыс Қазақстан облысында жана құрылыстардың 32%-ы монолиттен, 46%-ы кірпіштен салынған. Олардың ішінде 206 мың шаршы метрі 4 қабатқа дейінгі үйлер, ал 206 мың шаршы метрі – 5-9 қабатты ғимараттар.

Өңірлерде керісінше кірпіш

үй құрылысы басым: Атырауда ғимараттардың 95%-ы кірпіштен салынған, олардың басым бөлігі 4 қабатқа дейін, Манғыстау облысында – 71% кірпіштен салынған ғимараттар және 29% монолитті, 4 қабатқа дейінгі ғимараттар басым. Ақтөбеде ғимараттардың 84%-ы кірпіштен және тек 6%-ы ғана монолитті темірбетоннан салынған, сондай-ақ 4 қабатқа дейінгі үйлер басым. Қарағанды облысында кірпіштен және тастан жасалған үйлер 63%-ды, ал монолитті құрылыс – 17%-ды құрайды, бұл ретте ең көп салынғаны – 4 қабатқа дейінгі үйлер.

## ▶ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ

## Ауыл көшелері самаладай жарық

Батыс Қазақстан облысы Таскала ауданының орталығы – Таскала ауылының көшелерінде жарық шамдарын қайта құру жұмыстары жүргізілді. Қараңғылық қолданған кезде бұл көшелердегі шамдар самаладай жарқырайды.

Таскалалықтардың табиғат тосын мінезін көрсететін қыстағы ұлыған борандарда, көктем-күздегі дүлей желдер мен қатты дауылдарда жарықсыз қалатын көшелер аз емес. Бұрынғы кестер кезеңінен мирас боп қалған жерлердің ағаш бағандары мен қуат жеткізгіш сымдарының ескіргені соншалықты, кейбірі жаздың күндері қиынды желден «жалп» ете түсіп, жерге «сұлай» кетеді. Ауыл тұрғындарының наразылығын туғызып, алқалы жын-дарда сан мәрте көтерілген осы мәселе ескеріліп, аудан өкімдігі «Жұмыспен қамту жол картасы – 2020» бағдарламасы аясында жарықтандыруды қайта құрудың жобасын жасап, іске қосты. Жобаға аталмыш бағдарлама шеңберінде республикалық бюджеттен 105 млн 864 мың теңге бөлінді. Игілігі мол жоба бойынша ескі ағаш бағандарды, электр желілерін жаңарту, жарық диодты шамдар орнату, электр желілері тартылған көше бетіндегі тұрғын үйлерге дейін электр сымнан тарту қарастырылған.

– Аталмыш жоба бойынша Таскала ауылының Абай, Жаксығұлов, Мәметова, Шамов, Скоробогатов, Сапаров көшелері бойындағы жарық шамдарын қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілді. Барлық нысан бойынша құрылыс-монтаж жұмыстарын мердігер



болып бекітілген «ЭнергоРемСервис» ЖШС уақытылы атқарып шықты. Жаңғырту жұмыстары барысында 20 шақырымға жуық электр сымы, 276 дана темірбетонды электр бағаны, 200-ден астам жарық диодты шам орнатылды, 4 дана кешенді трансформатор стансасы жаңаланды, – делі аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жоллаушылар

көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің меңгерушісі Әлібек Төшімов.

Таскала көшелерінің бойында шамдар орнатып, жарықтандыру тунгі мезгілде жаяу жүргіншілер мен автокөліктердің қауіпсіз қозғалысына және аудан орталығының әлеуметтік-экономикалық дамуына одан әрі әсер ететіні анық. Жарықтандыру

жұмыстарын одан әрі жалғастыру мақсатында Таскала ауылының Мәметова көшесінің бір бөлігін, Чурилин, Женіс, Саябақ, Шевченко, Кенжин, Панфилов көшелерінің жарықтандырылуын қайта жаңғыртуға жобалық-сметалық құжаттама жасалды.

Гүлбаршын ӘЖІГЕРЕЕВА,  
Батыс Қазақстан облысы



**БИЗНЕС&ӨНЕРКӘСІП**

↳ КОРШАҒАН ОРТА

# Табиғатқа келтірілген залал тым қымбатқа түседі

> [ 1 ]

Өндірісі дамыған облыс үшін жаңа құжаттың маңызы тіпті ерекше. Оның талаптарын мүлтіксіз іске асыру, қоршаған ортаға жанашырлықпен қарау — табиғат пайдаланушылардың және жалпы тұрғындардың өзекті міндеті. Жуырда экология, геология және табиғи ресурстар министрі Мәжүм Мырзағалиев ірі металлургиялық кәсіпорындарды аралап, ауаны ластайтын шығарындарды азайту бағытындағы жұмыстарды бақылады. Оған соң жұртшылықпен ауқымды кездесу барысында жаңа Экокодекс кәсіпорындарды үздік технологияларды енгізуге, қоғамдық пікірмен санасуға үйрететінін жеткізді. Ендігі жерде айналаға келтірілген залал үшін жауапкершілік күшейеді. «Бүгінде Ақтөбе — атмосфералық ауаның ластану деңгейі жоғары қалалардың қатарында тұр. Қабылданған жаңа Экологиялық кодекс Қазақстанның, соның ішінде Ақтөбе облысының экологиялық жағдайын жақсартудың негізгі құралына айналады. Егер бұрын кәсіпорындар қоршаған ортаға залал келтірген жағдайда айыппұл төлеуден құтылып кетсе, енді жаңа кодекске сәйкес табиғатты ластау олар үшін тым қымбатқа түсіп, тиімсіз болады. Сонымен қатар жаңа технологиялар енгізбеген жағдайда эмиссия үшін төлем көтеріледі», — деді ол реформаторлық құжаттың маңызы тұстарын атап өтіп.



Жаңа құжаттың негізгі бағыты «ластаушы төлейді және түзетеді» қағидатын жүзеге асыру, озық та қолжетімді технологияларды енгізуді, табиғатты қорғау іс-шараларына бюджет қаражатын мақсатты жұмсауды, үздік халықаралық тәжірибелер негізінде экологиялық талаптарды қатаңдатуды, мониторингтің автоматтандырылған жүйесін орнатуды, өндіріс пен тұтыну қалдықтарын басқаруды жетілдіруді көздейді.

Аймақтағы негізгі ластаушы компаниялар — Ақтөбе феррокорытпа зауыты мен Ақтөбе хром қосындылары зауыты бұл бағыттағы жұмыстарды кезең-кезең бөліп, жүргізіп те жатыр. Осылайша, бірі алдағы жылдары қатты заттардың шығарындарын 30%-ға азайтуды жоспарласа, екіншісі эмиссияларды азайту үшін жеңдік сүзгілер қоймақ. Атап өтерлігі, 1 санатты кәсіп ірі кәсіпкерлік субъектісі саналатын Ақтөбе хром қосындылары зауыты жаңа технологияларды қолдану арқылы ғылым зиянды қалдық көлемін 1,4 есеге азайтқан. Қоршаған ортаға залал келтірмеу үшін Қазхром компаниясы бірқатар жобаларды қолға алуда. Компания президенті А.Есенжолытын айтуынша, Ақтөбе феррокорытпа зауыты жаңа кодекске сәйкес ең озық қолжетімді технологияларды

енгізуге кіріскен. «Біз Ресей мен Еуропа елдерінің тәжірибелерін негізге ала отырып, 2030 жылға дейін ең озық қолжетімді технологияларды енгізу бағдарламасын қабылдадық. Оны жүзеге асыруға 47 миллиард теңге қарастырылып отыр. Осылайша Ақсу феррокорытпа зауытындағы шығарындар көлемін 8 мың тоннаға дейін, ал Ақтөбе феррокорытпа зауытындағы шығарындар көлемін 3,8 мың тоннаға дейін азайтуды жоспарлап отырмыз. Сонымен қатар компаниямыз еліміздегі қоғамдық ұйымдармен байланыс орнатып, қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне, қаланы жасылдандыру жұмыстарына белсенді атсалуды», — деді ол.

Ақтөбе облысының экология және санитарлық-эпидемиологиялық ахуалын тозығы жеткен көзгілікті тазалау құрылғылары станциясы да қымбаттауда. Сондықтан жаңа станция салу қажеттігі талқыланып, бұл жұмыстарға әкімдік тарапынан 420 млн теңге бөлінген. Енді химиялық реагенттер арқылы қоқысты жою жұмыстары жүріп жатыр. Өңірдің экологиялық проблемаларын кешенді шешу мақсатында өткен жылы жол картасы қабылданған. Айналаға шығатын зиянды азайту шаралары соның аясында атқарылуда.

Облыстағы ірі ластаушы өндіріс орындарының шығатын хром қалдықтарын, химиялық шығарындар бойынша тұрғындар шағым орында. Министр М.Мырзағалиев өңірдегі қордаланған экологиялық проблемалар жергілікті жанашыр қоғам өкілдерімен бірлесіп ғана тиімді шешілетінін, бұл тұрғыда жергілікті экология департаменті халықпен байланысты жандандыратынын айтты.

↳ ОТАНДЫҚ БИЗНЕС

# Қолдау аясы кеңейді

Президент тапсырмасына сай QazIndustry орталығы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігімен бірлесіп, қолданыстағы мемлекеттік қолдау шараларын қайта қарастырып, жаңа түрлерін енгізуде.

БОТАГӘЗ ӘБДІРЕЙҚЫЗЫ

Еңбек өнімділігін арттыру бойынша мемлекеттік қолдау шаралары аясында өткен жылы 58 кәсіпорынның жалпы сомасы 420 млн теңгеге 179 өтінімі бойынша шығындары өтелген. Отандық өңделген тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді ішкі нарықта ілгерілету шеңберінде 51 кәсіпорынның жалпы сомасы 93,1 млн теңгеге шығындары өтелді. 2020 жылы QazIndustry Сауда және интеграция министрлігінің отандық өңделген тауарларды сыртқы нарықтарға жылжыту жөніндегі операторы бола отырып, жалпы сомасы 5,6 млрд теңгеге 216 кәсіпорынның (487 өтінімі) шығындары өтеді. Өтірік бөліністе өтініштердің басым бөлігі Шығыс Қазақстан облысы (11,9%), Қостанай облысы (10,7%), Қарағанды облысы (10,2%), Алматы қаласы (8,7%) және Алматы облысынан (8,2%) келіп түсті. Компаниялардың ең көп саны металл өнеркәсібі (41,7%), металлургия (6,5%), өзге де металл емес минералдық өнімдер өндірісі (5,5%), электр жабдықтары өндірісі (3,4%) және басқа да салалардан келіп түскен.



шетелдік мамандарды тартуға, өз қызметкерлерінің біліктілігін арттыруға, шеф-монтаж жасауға, жабықтық іске қосуға, басқарудың автоматтандырылған жүйелерін, Индустрия 4.0 элементтерін енгізуге, аудит жүргізуге, өнімді сертификаттауға көмектеседі. Өңделген тауарларды экспорттаушыларға шетелде тауарларды жарнамалауға, шетелдік қатысуға, жәрменкелерге қатысуға, шетелде өнімді сертификаттауға, қоймаларды, сауда үй-жайларын жалға алуға және тауарларды жеткізуге байланысты шығындар өтелді. Бұлардың қорытындысы бойынша қолдау шараларын алған тауарлар экспорттың географиясы әлемнің 29 елін құрады,

соның ішінде Кувейт, Оман, Сауд Арабиясы, АҚШ және Оңтүстік Корея сияқты жаңа экспорт елдері пайда болды. Қазірде отандық өңделген тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді ішкі нарықта ілгерілету жөніндегі шараларды тауарларды жарнамалауға, жұмыстар мен қызметтерге, сауда алаңдарын жалға алуға, сынақтар жүргізуге, тауар белгілерін тіркеуге, танбалауға, еліміз бойынша тауарларды жеткізуге бизнес шығындарын өтеу сияқты шаралары кеңейтіп көзделуде. Бұдан басқа, өндірістің ифрандандыруға да қолдау көрсетіледі. Мұндай көмек тетігі кәсіпорындардың тиімділігін мен еңбек өнімділігін өсуіне оң әсер ететін заманауи

халықаралық технологиялар мен жүйелерді енгізу үшін бизнеске қосымша серпін береді. Сондай-ақ QazIndustry Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігімен бірлесіп мемлекеттік қолдаудың жан кұралы — «өнеркәсіптік грантты» енгізді, оны жұмыс істеп тұрған өндірістерді жаңғыртуға және жаңа өндірістерді құруға бағыттамақ. Бұл тұрғыда қажетті құрал-жабдықтар сатып алу мен енгізу үшін 50% мөлшерінде бірлесіп қаржыландыру шарттары іске асырылатын болады. Бұл негізгі қорларды жанартуға, ішкі нарықта қосылған құны жоғары бәсекеске қабілетті өнім өндіруге септесіп, сыртқы нарықтарға шығуға база қалыптастырады.

НАРЫҚ ЖАҒАЛЫҚТАРЫ

▶ АӨК: ҚАРЖЫЛАЙ ҚОЛДАУ

## КӨСІПКЕРАЕРГЕ ЖЕҢІЛДЕТІЛГЕН НЕСИЕ БЕРУ ЖАЛҒАСАДЫ

Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры быыл кәсіпкерлерге 63 миллиард теңге несие береді.

Бұл шағын кәсіпкерлік саласындағы 12 мыңнан астам жобаны қаржыландыруға жетеді. Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры беретін несие көлемі өткен жылғы деңгейде сақталады. Оның негізгі үлесі «Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасына тиесілі. Несие қаржысының жартысынан астамы ісін жаңа бастаған кәсіпкерлер мен стартап-жобаларға беріледі.

«Еңбек» бағдарламасы бойынша жеңілдетілген несие рәсімдеген кәсіпкерлердің бірі — осыдан 20 жыл бұрын Монғолиядан көшіп келген қандасымыз, қарағандылық фермер Өлбек Тирнахан. Ол 2017 жылы Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қорынан 6 млн теңге несие рәсімдеп, жылқы сатып алған. Шаруашылықты ретке келтіріп, төп алып, одан кейін алғашқы пайдасын көре бастаған фермер несие мерзімінен бұрын өтеп тастапты. Былтыр «Тирнахан» жеке кәсіпкерлігі тағы несие рәсімдеп, 3,7 млн теңге алды. «Қор арқылы алған несиеден басты артықшылығы — несие мерзімі жайлы бір рет төлеуге болады және бұл өте ыңғайлы. Сонымен қатар, екі жылға дейінгі жеңілдік кезеңі қарастырылған. Бұл — біздің табыс табуымыз, бизнесті дамытуымыз және несиеден уақытында төлеуіміз үшін үлкен мүмкіндік. Тағы бір тиімді тұсы — ауылдық жерлердегі тұрғын үйді кепілге қоюға болады», — дейді Өлбек Тирнахан.

Кәсіпкердің айтуынша, отбасылық жағдайы жыл сайын жақсарып келеді, бизнесінен пайда тауып отыр. Жұбайы Гүлбаршын шаруашылыққа көмектеседі, үш баласы өсіп келеді. Бүгінде фермердің меншігінде 30 бас жылқы бар, оның 20-сы сауан бие. Шаруашылық сүт өнімдерін әндейтін ірі зауытпен ынтымақтаса жұмыс істейді. Зауыт орнаған ыдысқа құйылған қымыз өндіру үшін кәсіпкерден бие сүтін сатып алады.

«Еңбек» бағдарламасы аясында мал шаруашылығын, өсімдік шаруашылығын, ауыл кәсіпкерлігін дамыту, ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу және сақтау сияқты негізгі жобалар қаржыландырылады. «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ баспасөз қызметінің хабарламасында айтылғандай, ауыл кәсіпкерлері 4,6, 12 млн теңгеге дейін 6,5 жыл мерзімге шағын несие ала алады. Сонымен қатар қалаларда жүзеге асырылатын жобалар да несиеден іріледі — олар бойынша несие сомасы 16 млн теңгеге дейін, ал Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент, Ақтау, Атырау қалаларында — 20 млн теңгеге дейін. Сыйақы мөлшерлемесі — жылдық 6%, бұл ретте жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі 6,7% аспайды. Көпбалалы және аз қамтылған отбасы мүшелері несиелер жылдық 4%-бен беріледі, тиімді сыйақы мөлшерлемесі 4,7%-дан аспайды.

Бағдарламаға ауыл шаруашылығы және оған өзге де бағытта өз кәсібін ашатын немесе жұмыс істеп тұрған бизнесін кеңейткісі келетін кәсіпкерлер қатыса алады.

▶ ОТБАСЫ БАНК

## ӘЙЕЛДЕР ИПОТЕКАСЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

«Отбасы банк» тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ әйелдерге арналған ипотека жобасын іске асыруға кірісті.

Жаңа бағдарлама Азия даму банкінен (АДБ) алынған 38 миллиард теңге қарыз қаражаты есебінен жүзеге асырылады және әйелдердің тұрғын үй жағдайын жақсартуға бағытталды. Ипотека шарттары бойынша көмектестік жасқа толған қарыз алушының отбасылық айлық табысы 320 000 теңгеден кем болмауы тиіс. Тұрғын үй таңдауда секіну қойылмайды, ипотеканы жаңа пәтерлерге де, өкініш нарықтағы пәтерлерге де, оның ішінде үлестік келісім бойынша да, жөндеу мақсатында да рәсімдеуге болады. Ай сайынғы кірісі 200 000 теңгеге дейінгі қыз-келіншектер үшін берілетін несиеден ең жоғары сомасы — сатып алынатын тұрғын үй құнының 85%-ы, ал кірісі 200 001-ден 320 000 теңгеге дейінгі қыз-келіншектер үшін — 80%-ы.

Сатып алынатын тұрғын үйдің ең жоғары құны — 30 миллион теңге (қоса алғанда); тұрғын үйге жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін алынатын қарыздың ең жоғары көлемі — 3 700 000 теңгеге дейін (қоса алғанда). Жоба аясында шамамен 4000-ға жуық қыз-келіншек тұрмыстық жағдайын жақсарталды деп күтілуде.

АДБ бағдарламасы — тұрғын үй жағдайын жақсарту немесе балаларына жылжымайтын мүлік сатып алу мақсатымен екінші несие үшінші баспана сатып алуға көздел отырған, кірісі жоғары әйелдерге арналған. «Көптеген әйелдер бізге алғашқы жарнасы төмен, 20% шамасында болатын бағдарлама жасау туралы өтініштерін жолдады, банктің әйелдер ипотекасына ауан қызығушылығы өсімен байланысты. Қыз-келіншектерді, әсіресе үйді екінің бірін сатып алу мәселесі алаңдатыды. Себебі екінші нарықтағы тұрғын үйді мектеп, балабақша немесе жұмысының жақындығына байланысты таңдауға болады, бұл жалпы отбасы үшін де қолайлы. Осы факторларға сүйеніп отырып, ресурстардың жоғары құнына қарамастан, бағдарламаға деген сұраныс айтарлықтай жоғары болады деп болжап отырмыз», — деді банктің басқарма төрайымы Ләззат Ибрагимова.

Соңғы мәліметтер бойынша, жалпы елімізде ипотекалық несие рәсімдеген әйелдердің үлесі 48%. Қазіргі таңда «Отбасы банкінің» несиелік қоржынындағы әйелдердің үлесі ерлерге қарағанда жоғары.

Рығайт САҒЫНБЕКОВА

БИЗНЕС & ҚАРЖЫ

ШОЛУШЫ БАҒАНЫ



Монетарлық саясат өндіріспен ұштасуы тиіс

Келенді одақтан Қазақстан ұтты ма, ұтылды ма? Саудадағы негізгі әріптес ел — Ресеймен арадағы барыс-келіс...

Жетпісбай БЕКБОЛАТУЛЫ, ақ-Фароби атындағы ҚазҰУ профессоры

ҚАРЖЫ

Теңгенің нығаюуы неге тәуелді?

Инфляция деңгейі 6,9%-ға дейін өсуі мүмкін. Ал, теңгенің бағамы мамыр айының басына 1 АҚШ долларына (\$)

ИСАТАЙ КАМБАРОВ

Қазақстан қаржыгерлер қауымдастығы (КҚК) сұрау салған сарапшылар, USD/KZT валюталық жұбы бойынша ұзаққа созылған бірсырынды басынды барған сайын қисынды болып көрінуде.

Table with 2 columns: Қысқа мерзімді күтулер (1 айдан кейін) and Орта мерзімді күтулер (12 айдан кейін). Includes rates for USDKZT, BAZALЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕ, BRENT, USDRUB, and USDKZT.

2-инфографика



шаққандағы бағамы 426,5 теңгені құрайды деп болжануда (оның 9 сәуірдегі мәнi — 1\$-ға 433 теңге).

іс жүзінде 7,4%-дан 7%-ға дейін баяулауына қарамастан, 6,8%-дан 6,9%-ға дейін өскен.

сакталуына және ішкі сұраныстың күтілгеніне қарағанда теірек қалыпқа келуіне байланысты болды.

Базалық мөлшерлемесі қатысты айтар болсақ, сұрау салуға қатысушылардың пікірінше, Ұлттық банк өзі өнерсізсіз қалдырады, алайда, монетарлық саясаттың одан әрі әлсіреуі үшін «мүмкіндіктер терезесі» 12 ай ауқымында тарыла түспек.

Бұдан бұрын Ұлттық банк өз саятінде: «Жалты алғанда, ішкі және сыртқы факторлардың әсерінен инфляцияның желдетуі тәуекелдері жоғары деңгейде қалып отыр. Ішкі тәуекелдер желкелеген нарықтарда азық-түлік тауарлары тенгерімізсіздіктеріні

сакталуына және ішкі сұраныстың күтілгеніне қарағанда теірек қалыпқа келуіне байланысты болды. Жана штамдардың пайда болуы және вакциналаудың тиімсіз болу тәуекелі асында әлемдегі коронавируспен пандемиясына байланысты ахуалдың наһайында сыртқы тәуекелдердің үнемі күшейіп отырып, мұнай бағасының төмендеуіне және тауарларды жеткізу мен қызмет көрсетудің іркілісіне әкелуі мүмкін.


СЫРТҚЫ ФАКТОР

2-9 сәуір аралығындағы жекелеген дамушы елдердің валюталары бойынша шолу\*


Сауда-саттықтың қорытындысы бойынша 9 ақпанда теңгенің нарықтық бағамы кезең ішінде 1,5%-ға (426,84-тен) әлсіреп, бір АҚШ доллары үшін 433,15 теңге деңгейінде қалыптасты.

0,5%-ға (5,71-ден 5,68-ге дейін) нығайды; • Оңтүстік Африка ранди өндірістік саладағы ісерлік белсенділік индексінің наурызда (ақпанда 53-ке) 57,4-ке дейін ұлғайғаны туралы деректердің шығуы асында 0,4%-ға (14,67-ден 14,61-ге дейін) нығайды;

Дамушы елдер валюталарының АҚШ долларына қатысты бағамдарының өзгеруі, (% 2021 жылғы 2-9 сәуір аралығында)



Дамушы елдер валюталарының елдеріндегі сәуірдегі өсуі — валютаның нығаюуы (2021 жылғы 26 наурыз = 100, индекстің өсуі — сәуірдегі нығаюуы)



Сыртқы валюта нарығында 2021 жылғы 2-9 сәуір аралығында дамушы елдер валюталарының динамикасы әртүрлі бағытта болды. ХВК әлемдік экономиканың 2021 жылғы өсу болжамын түзетіп, 6%-ға дейін көтерді (бұрын болжам 5,5% болған). АҚШ ФРЖ басшысы қалпына келтірудің аяқталмағаны білдіре отырып, АҚШ экономикасын қалпына келтіруге уәде берді. КХР-да өндіріштердің бағасы 2018 жылғы ішкіден бастап ең жоғары қарқынмен, наурызда 4,4%-ға, АҚШ-та 4,2%-ға ж/ж өсіп, талдаушылардың болжамынан асып түсті.

Түрік лирасы бір апта ішінде өзгерген көп, 8,17 деңгейінде қалды; • Индонезия рупиясы өңірде Covid-19-дан таралуына байланысты инвесторлардың қайығушылығының төмендеуі асында 0,3%-ға (14 525-тен 14 565-ке дейін) әлсіреп;

Дамушы елдер валюталарының\*\* АҚШ долларына қатысты бағамдарының сәуіріндегі төмендеуі кәліпталды: • Мексика пессосы қазынашылық облигациялар кірістілігінің өсуі мен АҚШ доллары бағамының тұрақтануы асында 0,7%-ға (20,31-ден 20,16-ға дейін) нығайды. Наурызда инфляция реттеуші тартеткен 4,67%-ға ж/ж дейін өсті; • Бразилия реалы Конгресс пен ел Үкіметі арасындағы 2021 жылға арналған бюджетке қатысты саяси келіспеушіліктердің төмендеуі асында

• Ресей рублі санкциялар тақырыбының дамуын күтуден және РФ мен Украина арасындағы өскері шешелістігі өсуінен қауіптенуден геосаяси тәуекелдері асында 1,5%-ға (76,3-тен 77,43-ке дейін) әлсіреді; • Үнді рупиясы 2021 жылы ОБ-ның қайталама нарықта 1 трлн рупий (\$14 млрд) көлемінде активтерді сатып алу бағдарламасын жариялауы асында 1,9%-ға (73,33-тен 74,75-ке дейін) әлсіреді.

\* шолуды Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі ашық дереккөздерінің негізінде атап сайын дайындады; \*\* АҚШ долларына қарағанда көлемі жағынан неғұрлым көп сатылатын дамушы елдердің валюталары.



БИЗНЕС&SPORT

АЯҚДОП

# Іріктеу сайысында неге сүрініп келеміз?

Қазір футбол дүниежүзі бойынша нөмірі бірінші спортқа айналды. Осы спорт түріне әлем халқы ерекше қызығушылықпен көз тігеді. Себебі футболдың аудиториясы кең және қызығы мен шығарғы мол екендігі белгілі.

ӘМІР ЖӘНІБЕК

Елімізде футболға ерекше мән беріліп келеді. Ұлттық құрамамыз әлем біріншілігіне қатысуға бар күшін салады. Әр төрт жыл сайын өтетін бұл додаға кіл мықтылар сынаға түсіп, жолдама алады. Футболдан Қазақстан құрамасы өз тарихында бірде-бір рет бұл турнирге қатыспаған. Тіпті, іріктеу кезеңдерінде де айтарлықтай жақсы өнер көрсетпеген. Бірақ командалы қолдайындар да әр кез табылады. Үнемі аяқдопшылармыздың жеңілісін көріп үйренген жанкүйеріміз келер жылы Катарада өтетін чемпионатқа жолдама алатынына күмәнмен қарайды.

Қазақстан ұлттық құрамасының соңғы оңжылдықтағы нәтижелеріне көз жүгіртелік. 2008-2009 жылдар аралығында өткен іріктеу кезеңінде құрамамыз өз тобында 6 ұпаймен 5-ші орынды қанағат тұтқан. Он ойынның екеуі жеңіспен аяқталса, қалған сегізі жеңіспен тәмамдалған. Голдар айырмасы – 11:29.

2012-2013 жылғы электік нәтижеміз бұдан жақсы деуге келмейді. Себебі команда Германия мен Швеция сынды құрамалармен бір топқа түсіп, 5 ұпаймен 5-ші орынға тұрақтаған. Жеңістер саны – 1, тең көрсеткіш – 2 және жеңілістер – 7. Доп айырмасы – 6:21. 2018 жылы Ресейде өткен әлем чемпионатына іріктеу кезеңі бұл үшін мүлдем сәтсіз аяқталды. Ойналған 10 ойынның қорытындысы бойынша тек 3 ұпай жинадық. Жеңіске жете алмаған құрамамыз 3 мәрте тең ойын өткізді де, 7 рет жеңіліске ұшырады. Голдар айырмасы – 6:26.

Іріктеу кезеңінің ойындарында жарқирамаған ел футболшылары осы жылы әлем чемпионатына Франциямен бірге D тобына түсті. Әзірге 2 ойын өткіздік. Алғашқысы – Францияға, ал екіншісі – Украинаға қарсы өтті. Франциямен болған кездесу біз үшін үлкен тәжірибе болды. «Астана Аренада» өткен ойынға пандемияға



байланысты жанкүйерлер кіргізілмеді. Алаңымыздың жасанды болғанына қарамастан, әлем чемпионаты ойынынан бас тартпады. Әлемдік жұлдыздар – Погба, Мбаппе, Гризманды, Дембеле және бапкерлері – Дидье Дешам стадионға толықтай үйренісіп, еліміздің қонақжайлығына да жақсы баға берді. Алайда, мақтауды жақсы көретін біздер бұл ойында да қонақжайлығымды көрсетіп, үшжолдақтыларға жол бердік.

Көптеген Бұқаралық ақпарат құралдары құрамамыздың 0:5 секілді есептерінен жеңілетінін жарыса жазды. Оның үстіне құрама көшбасшылары – Абат Айтмбетов, Айбол Әбікен және Бактиер Зайнутдинов бұл кездесуге шақыртылмады. Иә, біз жеңілдік. Жауапсыз екі доп салған қарсыласымыз жеңіске жетті. Бірақ, жігітеріміз сонына дейін күресті деуге болады. Ал ардагер қақпашымыз – Моксинның ерлігін сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес! «Тобыл» клубының ойыншысы сол матчта 7 мәрте қақпаны голдан құтқарып қалған. Ал барлығымыздың есімдіме қалған сейі – ол футболшымыздың Мбаппенің 11 метрлік айып добынан тепкен соққысын қайтарғаны. Бұл біз үшін де, Моксин үшін де естен кетпейтін кеш болды. Бұнымен қоса, қақпашы кездесудің үздік ойыншысы атағын да иеленді. Қорғаныста өзін жақсы жағынан көрсеткен Малый өкінішке орай өз қақпамызға гол соғып алды. Қапталдағы қорғаушылар

– Валиуллин мен Быстров жылдан шабуылға араласу үшін жандалды. Бұл матчта Астанов, Самаролов және Кәрімов үшін ұлттық құрамалағы алғашқы дебюті болды. Әлем чемпионатына қарсы жасы алаңға шығу бір жағынан толқынды әкелсе, екінші жағынан әлемдік футбол жұлдыздарымен тәжірибе алмасуға таптырмай мүмкіндік екені анық.

Екінші кездесуіміз Киевте өтті. Украинаға қарсы ойын тең есеппен аяқталды. Алғашқы ұпайымызды енішілеп, қуанышқа бөлендік. Кезінде атақты «Милан» клубында өнер көрсеткен танымал футболшы Андрей Шевченко қазір Украина құрамасын жаттықтырып тұр. Тәжірибелі Коноплянка мен Ярмоленконың жаракаттарына байланысты, бұл ойынға астар көбірек тартылды. Ал біздің аға бапкеріміз Талғат Байсуфинов негізгі құрамды өткен кездесуге қатыспаған ойыншыларға тапсырды. Алғашқы таймда алаң қожайындары құрамамызды қыспаққа алды. Жүйелі шабуылдың нәтижесінде матчтың 20-шы минутында қақпамызға гол соқты. Ал екінші таймда бас бапкеріміз ойында қолға алып, құрамға біраз өзгерістер енгізді.

Алаңға жандан шыққан Вороговский ойынның 59-шы минутында Мужиковқа өдемі пас тастады. Өз кезегінде ол шайпап бергенді жүз алатындығын дәлелдеп есепті тентестірі. Әрине, қорғаныңды есеп барлығымызды шарттыңды бұл жолы құрамамызды ерекше көзге түскен – Покатилов бол-

ды. Иә, тағы да қақпашымыз. Бұл ойында ол 9 тура соққының бетін қайтарып, матчтың үздік ойыншысы атанды. Еске салсақ, 29 жасқа қақпашы бытырғы жылы өткен Ұлттар Лигасының «үздік қақпашысы» атағын иемденген еді.

Матчтан кейінгі баспасөз мәслихатында А.Шевченко футболшыларымыздың шеберлігіне байланысты танданысын жасыра алмады. «Маған Қазақстан футболшыларының соңына дейін күрескені ұнады. Украин аяқдоп шеберлері қолдан келгенін барлығын жасады. Жігіттер жарат, алғашқы ұпайларына қол жеткізді», – деп атап өтті ол.

Ұлттық құраманың бапкері Т.Байсуфинов ойын аяқталғаннан соң: «Азулы қарсыласымызбен сырт алаңда тең ойнадық. Бұл – үлкен жетістік. Әлем чемпионатына жолдама алу – біздің арманымыз. Біз өзімізге дәл сондай мақсаттар қоямыз».

Соңғы болған екі ойын құрамының жаңа бас бапкері – Т.Маруяұлының командалық жақсы дайындалғанын көрсетті. Жастарды алма кезек ауыстырып, құрамға жаңа дөп берді. Билеттің кезінде шақыртылмаған қазақстандықтар бүгінде ұлттық құрамда доп тебуге. Мужиков, Шомко және біршама жастардың ойынның маусым аяғы жаттығу жинарларында байқаған Т.Байсуфинов жақсы құрам жасай алады. Алаңға кездесулерде бас бапкер құрамға тағы бірнеше мәрте өзгеріс енгізгі сөзсіз.

## НАРЫҚ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

### ► ҚАРЖЫЛЫҚ ҒЫНТАЛАНДЫРУ

#### ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗЫ БАР ЖОБА

Халықтың экологиялық таза көгілдір отынға көшуін жеделдету үшін қосымша қаржылық ғынталандыру шаралары қолға алынбақ.

Осы орайда Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі, Halyk Bank және «ECOJER» қауымдастығы өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Меморандум аясында тұрғын үйлерді газдандыруға жәрдемдесу бойынша жоба іске қосылды, деп хабарлайды елорда әкімдігінің ресми сайты. Бұл жоба Halyk Bank-тен елордада алғашқы жүз тұрғынның үйін орталық газбен жабдықтау желісіне қосу үшін пайызсыз кредит беруді көздейді. «Бүгінде еліміздегі ірі мегаполистер үшін экология мәселесі өте өзекті. Сондықтан Halyk Bank экологияны жақсартуға және ауа бассейнін газдандыруға байланысты бірқатар бастамаларды қолдайды. Осы ретте біз Нұр-Сұлтан қаласындағы тұрғын үйлерді газдандыру жобасын қолдауға дайын екенімізді мәлімдедік. Жоба орталық отын желісіне қосу бойынша жұмыстардың барлық көлеміне есептелгеніні атап өткім келеді, яғни банк газды тұрғын үйге жеткізуден бастап, барлық қажетті коммуникацияларды қосуға және қажетті жабдықты орнатуға пайызсыз қарыз береді. Бұл – біздің елорданың өз басейнін сауықтыруға қосқан үлесіміз. Елорданың бизнес-қоғамдастығына біздің бастамамызға қосылуға шақырамыз, – деп атап өтті Halyk Bank басқарма төрайымы Үміт Шахметова. – Бұл біздің алғашқы экологиялық бастамамыз емес. Былтыр Алматы қаласының әкімдігіне Оңтүстік астананы газдандыру бойынша қолдау көрсетіп, халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын 92 тұрғынның үйін газға тегін қостық. Бұл – аз қамтылған отбасылар, көп балалы және мүгедек балалар бар, сондай-ақ толық емес отбасылар».

Нұр-Сұлтан қаласы бойынша пайызсыз кредит беру бағдарламасының шарттарына сәйкес, елорда тұрғындары 750 000 теңгеге дейінгі сомаға, 18 ай мерзімге жылдық 0%-бен кредит ала алады (қарызды ұйымдастырғаны үшін комиссия несибесі 0,1%-ды құрайды). Осылайша, жүзден астам отбасы газ желісіне қосылуға мүмкіндік алып, атмосфераға зиянды шығарындыларды азайтуға ықпал етеді.

«ECOJER» қауымдастығы кенесінің төрайымы Ләззат Рамазанова бұл әлеуметтік маңызы бар жоба Мемлекет басшысының елорданы газдандыру жөніндегі тапсырмасын орындауды қолдау мақсатында іске асырылып жатқанын атап өтті. «ECOJER Қазақстан бизнесінің ең ірі экологиялық серіктесі бола отырып, көсіпорындардың қоршаған ортаға теріс әсерін азайтуды және халықтың өмір сүру сапасын жақсартуды өз мандатының бірі деп санайды. Ауаның тазалығы тек экологиялық емес, сонымен бірге экономикалық тұрғыдан да мәселе болып табылады. Сарапшылардың бағалауы бойынша ауа сапасының нашарлығы экономиканың өсуін баяулатады және ЖІӨ-ден жыл сайын 1,5-2% шығын болуына әсер етеді. Біз Halyk Bank-пен қала әкімдігіне елорда халқы табын газды өте тиімді қаржылық шарттарда пайдалануға көшуі жөніндегі жобаны қолдағаны үшін алғысымызды білдіреміз. Үлкен қамдамын жақсы бастамасы болған бұл жоба жасақарма институттарының қатысуымен кенейте түседі деп үміттенеміз», – делі Ләззат Рамазанова.

### ► ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТУРИЗМ

#### 14,5 МИЛИАРД ТЕНГЕ ИНВЕСТИЦИЯ ТАРТЫЛДЫ

«Көлсай көлдері», «Алтын-Емел» және «Шарын» ұлттық парктерін дамыту үшін 14,5 млрд теңге инвестиция тартылды.

Туристік және рекреациялық қызметті жүзеге асыру үшін «Алтын-Емел», «Көлсай көлдері» және «Шарын» ұлттық парктерінің ұнақсерінің ұзақ мерзімді пайдалануға беруге арналған конкурстың нәтижесі белгілі болды. Конкурса қатысу үшін әлеуетті инвесторлардан барлығы 6 өтінім түскен. Конкурстық құжаттар аталған ұлттық парктердің ресми интернет-ресурстарында орналастырылып, олардың әрқайсысы бойынша қатысушылармен алдын ала талқылаулар жүргізілген. Байқау нәтижесінде «Шарын» ұлттық табиғи паркі бойынша «Таунтон Плюс» ЖШС құрамындағы консорциум атынан «Qazaq-Jeep» РКБ, «Көлсай көлдері» бойынша «Атырау-Рентг» ЖШС, «Алтын-Емел» бойынша «Asemal» ЖШС құрамындағы консорциум атынан «Qazaq-Jeep» РКБ жеңімпаз болып таңалды, деп хабарлайды Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің баспасөз қызметі.

Бұған дейін «Алтын-Емел», «Көлсай көлдері» және «Шарын» ұлттық парктерінде экологиялық туризмді дамыту тұжырымдамасының ұсақсері өткізілген болатын. Тұжырымдамада туристік маршруттар мен сопақтардың дамуына, туристік нысандарды күрделі қурылысы орналастыруға басты нараз аударылған, сондай-ақ қазіргі заманғы визит-орталықтарын, глэмпингтер, кемпингтер, қазақ ауылдары мен керуенге арналған орындарды құру көзделген. Қабылданған тұжырымдамаға сәйкес экотуризм инфрақұрылымын дамыту тұрғысында Алматы тобындағы ұлттық парктердің бас жоспарларын түзету бойынша жұмыстар жүргізілді. Осы ретте туристік-рекреациялық қызметті жүзеге асыру үшін ұлттық парктердің ұнақсері арнайы ережесі сәйкес конкурстық рәсімдер өткізілгеннен кейін ұзақ мерзімді пайдалануға берілді. Осылайша, тұжырымдаманы іске асыру үшін ұлттық парк бойынша 14,5 млрд теңге, оның ішінде Шарын ұлттық паркі бойынша 4,5 млрд, «Көлсай көлдері» бойынша 5 млрд, «Алтын-Емел» бойынша 5 млрд теңге сомасына инвестициялар тартылды.

Рымтай САҒЫНБЕКОВА

### ► БИЗНЕСТІҢ ЖОЛ КАРТАСЫ – 2025

# Көпбалалы ана кондитерлік кәсібін жолға қойды

Мемлекеттік грант иеленіп, жеке ісін ашқан табысты кәсіпкер қатары Қапшағай қаласында жылдан жылға артып келеді. Мәселен, қобалалы ана Баян Ордабаева «Атамекен» ҰКП арқылы «Бизнес Бастау» негіздерін оқып шыққан. «Бизнестің жол картасы» бағдарламасы шеңберінде 2,5 миллион теңге қайтарымсыз грант ұтып алған, бүгінде кондитерлік кәсібін айналысуда.

САЛТАНАТ ҚАЖЫКЕН

Жалпы нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасының мүмкіндіктері мол. Қапшағай қаласы әкімдігінің мәліметіне қарағанда, аталымыз бағдарламаға «жас кәсіпкер» және көп балалы ана ретінде қатысқан Баян Ордабаева қолына бизнес негіздерін меңгергені туралы сертификат алған. Бұдан соң «Үйде пісірілген нан өнімдерін үйде жүзеге асыру» бизнес жобасын қорғап шыққан. Соның арқасында жеке ісін қолға алған. «Бизнесіміз мемлекет тарапынан көрсетілген қолдаудың арқасында бастадым. Енді оның одан әрі табысты жүргізуге тал-



пыныс, еңбек, табандылықпен қатар, қазіргі интернет желісінің де мүмкіндіктерін мол пайдаланып отырмын. Инстаграм желісіндегі парақшамда он мыңға жуық оқырманы бар. Билығы жылдың наурыз айында өзіміздің кондитерлік бизнесіміз

одан әрі кеңейттім, оның барлық жаналықтарын және мүмкіндіктерімен «Вауан cakes» парақшасында оқырмандарыммен таныстырып отырмын. Алдағы уақытта жастарға оның ішінде жұмыссыз азаматтарға өз білгенімді үйретіп, жаңа жұмыс

орындарын қуруды жоспарлап отырмын», – делі жас кәсіпкер.

Қазіргі кезде Баян Ордабаева кәсібін кеңейту мақсатында «Бизнестің жол картасы-2025» бағдарламасы бойынша 3,0 млн теңгеге дейінгі грантқа қатысуды жоспарлап отыр.

Сол сияқты өткен жылы «Шаштар» курсы бітірген жас талпакер Санжар Мейірманов та 200 айлық есептік көрсеткіш көлемінде грант иеленген. Ол бұл сомаға шаштараз маманына қажетті барбер креслосын, стерилизатор, қайшы, шаш алғыш машинка сынды құрал-жабдықтар сатып алды. Қазір сән салонында осы кәсібінен нәсібін тауып жүр. Болашақта шаштараз мамандығына оқытатын курс ашып, өзінің жеке сән салонын ашуды армандайды.

Жалпы Қапшағай қаласы бойынша «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы арқылы «Бастау Бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздеріне оқыту курстарына 150 адамды оқыту жоспарлап бар. Жаңа бизнес-идеялар іске асыру мақсатында 200 АЕК көлемінде 45 адамға мемлекеттік грант және 25 адамға шығын несие беру межеленген. Осыған дейін 30 адамға мемлекеттік грант, 3 адамға шығын несие берілген.



# БИЗНЕС & МӘДЕНИЕТ

## ▶ РУХАНИ ЖАНҒЫРУ



### «Керуен-сарай» – Орталық Азиядағы ең ірі туристік кешен

Түркістан қаласында Орталық Азиядағы ең ірі «Керуен-сарай» көпбейлі туристік кешенінің ашылу рәсімі өтті. Инвестициялық жобаны «Turkistan Tourism City» компаниясы іске асырды, кешен құрылысы 2019 жылдың аяғында басталды.

#### АЙЖАН ЖАСБАТЫРҚЫЗЫ

Нысан Қожа Ахмет Яссауи кесенесіне қарама-қарсы «Әзірет Сұлтан» мәдени қорығының бүферлік аймағында 20,5 гектар аумақта орналасқан. Мұнда 4 мыңнан астам тұрақты жұмыс орны құрылды. Кешенге Жібек жолы дәуіріндегі саудагерлер мен қолөнершілер көшесі, «ұшатын театр», ат шоуын өткізуге арналған амфитеатр, Шығыс базары, сауда сөрелері мен бутиктер, қонақ үйлер мен мейрамханалар, СПА және фитнес-орталық, кинотеатр, отбасылық ойын-сауым орталығы кіреді. Бұл ретте, барлық құрылымдар су арнасы арқылы байланыстырылған, онда судағы «қайық шеруі» театрландырылған шоуы өткізіледі. «Керуен-сарай» кешенінің Орталық Азияда баламасы жоқ және ол Қожа Ахмет Яссауи кесенесінен кейін өңірге туристер мен инвестицияларды тартатын басты орталыққа айналуы тиіс.

«Керуен-сарай» кешенінің ашылу салтанатына премьер-министр Аскар Мамин, Түркістан облысының әкімі Өмірзақ Шөкеев, мәдениет және спорт министрі Ақтолы Райымқұлова, сондай-ақ инвестор компанияның өкілі Қуанышбек Құдайберген қатысты.

Жұмыс сапары барысында премьер-министр Түркістандағы Казак музыкалық драма театрына барды. Ғимараттың жалпы ауданы 11 мың шаршы метрден асады. Бұл – жана жабдықтармен және театр жұмысына қажетті барлық бөлшектермен жабдықталған заманауи кешен. Көрермендер залының сыйымдылығы 510 адамды құрайды.

Үкімет басшысы облыстық ғылыми-әмбебап кітапханамен танысты. Бұл ақпарат пен шығармашылыққа арналған бірегей хаб. Ғимараттың үш қабаты оқу залдары, коворкинг-орталықтары, фото-, бейне-және аудиожаза, каллиграфия, қыш өнері студиялары, шеберханалары, оның ішінде 3D-модельдерді жасауға арналған шеберханалары, сондай-ақ киноконцерт залы, кофеханалары, кітап көздері мен колдан жасалған бұйымдар дүкендері қамтылған зоналарға бөлінген.

## ▶ ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКА

### Ел экологиясын жақсартуға арналған жаңа жоба



Еліміздегі беделді 22 ұйым жастар арасында экологиялық мәдениетті нығайту жөніндегі жобаны іске асыруға тартылатын болады. Бұл туралы Азаматтық бастамаларды қолдау орталығының басқарма төрайымы Лима Диас «Жастар арасында экологиялық мәдениетті нығайту жөніндегі шаралар кешенін әзірлеу және іске асыру» атты әлеуметтік жобасын жүзеге асыруға арналған баспасөз конференциясы барысында мәлімдеді.

#### САЛТАНАТ ҚАЖЫКЕН

Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Жастар және отбасы істері комитетінің төрағасы Шахмардан Байманов елдегі экологиялық жағдай туралы айтып, жоба шеңберінде оны шешудің тиімді жолдарын ұсынды. «Бытырғы жылы біз жастарды қолдаудың 2021-2025

жылдарға арналған кешенді жоспарын бекіттік. Бұл жоспарға «Жасыл Ел» еңбек жасастарының жұмысын ұйымдастыру және жастар арасында экологиялық мәдениетті нығайту жөніндегі жобаларды іске асыру кіреді», — деп атап өтті ол.

АБҚО-ның басшысы Лима Диас жобаның маңыздылығына тоқталды. Жоба үйлестірушісі Рахмет Әліхан «World Cleanup Day» дүниежүзілік акциясы, экоергілер бөлімлерін әзірлеу және шығару, экологиялық тәрбие тақырыбына бейнематериалдар сериясын дайындау, сондай-ақ түрлі форматтағы іс-шараларды өткізу туралы айтып берді.

«Киелі табиғат» YouTube ғылыми-ағартушылық арнасы құрылады, ал бейне-контент мекентерде, колледждерде және ЖОО-ларда жастар ісі жөніндегі комитеттер, жастар ресурстық орталықтары арқылы таратылады.

## ▶ ДҮБІРАІ ДОДА

# Үш жолдаманы қанағат тұттық

Көп ұзамай 3 айдан кейін Жапонияның бас қаласы Токио шаһарында кезекті XXXII Жазғы Олимпиада ойындары басталады. Беделді доданы осымен екінші рет өткізгелі отырған Токио қаласындағы Олимпиадаға 205 мемлекеттің сайыпқырандары қатысады деп күтілуде. Төрткүл дүниенің кім мықтылары бақ сынайтын дүбірлі жарысқа әлем халқы назар аударатыны анық. Бүгінде Токио аламына берілер жолдама жолындағы жарыстар қыза түсуде.

#### НҮРЛАН ҚУМАР

Осыған орай, Алматыдағы Балаун Шолок спорт кешенінде Азия құрлығының 24 мемлекетінен 200-ден астам балуаны 3 күн бойы 18 Олимпиадалық салмақ бойынша іріктеу жарысынан өткізілді.

Жарыстың алғашқы күнінде грек-рим күресінің балуандары жолдаманы иелену үшін боз кілемде белесті. Төрт балуанымыз жарыс жолына шыққан еді. 87 келі салмақта сығға түскен Нұрсұлтан Тұрсыновтың ғана бағы жанып, Олимпиада лицензиясын еншіледі. Ширек финалда ол жапониялық Масато Сумимен белесті. Белдесудің бірінші кезеңінде 0:3 есебімен ұтылып жатқан балуанымыз екінші кезеңде белсенді танытып әдіс-тәсілдерді сәтті қолданды. Жартылай финалда ол тәжірибелі үндістандық Сушил Құрмармен жолы тұйысты. Бірінші кезеңнің нәтижесінде



С.Құмар жерлесімізден үш ұпай озып тұрды. Екінші кезеңде үндістандық спортшының осал жерін тапты. Осылайша финала шыққан ол Токиоға баратындардың тізіміне қосылды. Финалда қытайлық Фей Пенг боз кілемге шығудан бөз тартты. Олимпиада жолдамасымен қоса, алтын жүздені еншілеген Н.Тұрсынов ел мерейін асырды.

Алайда басқа «классиктеріміз» ел сенімін ақтай алмады. Мейірман Шермаханбет (67 келі) қырғызстандық Марлен Асикеевтен, Олжас Сырлыбаев (97 келі) Оңтүстік Корея

өкілі Сейол Лиден ұтылды. Ал Георгий Цурушния қатарынан екі белдесуде қарсыластарына есе жіберді. Сөйтіп, Қазақстанның грек-рим күресі шеберлері Алматыдағы турнирде бір жолдамаға ғана қол жеткізе алды.

Әйелдер арасында еркін күрес бойынша жарыстар қызықты да тартысты өтті. Ел намысын қорғауға 4 балуан аруымыз сығға түсті. Екі спортшымыз жарыс жолын ерте аяқтады. Екі белдесуде қатарынан ұтылған Эмма Тисина (57 келі) мен Жамиля Бакбергенова (68 келі) жарыс жолынан шығып қалды. 53 келі салмақта сығға түскен Татьяна Ахметова бөзкілемде атой салды. Ол алғашқы кездесуде тәжікстандық Ватансұлтан Шакаршоеваны айқын басымдықпен ұтты. Моңғолиялық Болотуя Бат Очирмен болған кездесу күтеген нәтижемен есте қалды. Басында келетікке бой ұрындырып 0:8 есебімен ұтылып жатқан аруымыз жасымалды. Екінші кезеңде ретін шығарып қарсыласын үш рет жамбасқа салып лақтыраны үшін төрешілер тарапы еңбегін жоғары бағалады. Ақырында 12:8 есебімен алға шықты. Жартылай финалда ол оңтүстік корейлік мықты балуан Ким Хен Джунның жынын қағып алды. Осылайша ол финалда жолдама еншілеп, Олимпиадаға

берілетін лицензияны қалтына басты. Бірақ қатты жаракат алуына байланысты ол аяқтай сайысқа қатыспады. 35 жастағы Т.Ахметова күміс жүлдеге қанағат тұтты.

Орта салмақ, яғни 62 келі салмақ дәрежесіндегі Аяулым Касымованың сая жолы болмады. Алғашында оңтүстік корейлік Ханбит Лиді ұтса, келесі белдесуде моңғолиялық Цереншимедке жеңілі. Жартылай финалда үндістандық Сонам Сонамға есе жіберді.

Ерлер арасында еркін күрестен екі балуанымыз бөзкілемде сығға түсті. Олар: Азамат Дәулетбеков (86 келі) және аса ауыр салмақтағы Юсуп Батырмурзаев (125 келі). Көп спортшымыздың жолы болмады. Әсіресе, А.Дәулетбековтің Олимпиадаға баратын мүмкіндігі бар болатын. Ол жартылай финалда бар білігіннен жанылды.

Күрес түрлерінен Олимпиадаға соңғы іріктеу турнирі келесі айда Болгарияның астанасы София қаласында өтеді. Бұл турнирде жолдаманы еншілеу қиынға соқпақ. Себебі атағымш жарысқа бұған дейін жолы болмаған әр құрлықтың мықты балуандары сығға түседі.

Әртүрлі спорт түрлері бойынша Қазақстан командасындағы жалпы лицензиялар саны 48-ге жетті.



## ▶ ТУҒАН ЖЕР


Шу өзені – Қазақстан мен Қырғызстан жеріндегі өзен. Қазақстанда Жамбыл облысының Қордай, Шу, Мойынқұм, Сарысу аудандары арқылы ағып өтеді.

Өзеннің ұзындығы – 1186 км, Қазақстан аумағындағы ұзындығы – 800 км. Теріскей Алатауы мен Қырғыз Алатауынан бастау алатын Жуанарық және Қошқар өзендерінің қосылған жерінен бастап Чүй (Шу) аталады.

Өзен жауын-шашын, жер асты суларымен толығады. Қазақстан жерінде Тасөткел бөгені бар. Бойында егін суару мақсатында Шығыс және Батыс Үлкен Шу, Шу каналы, Сортобе, Атабашы, т.б. каналдар, шағын су электр станциясы салынған.

Бұл өзеннің атауы «су», «өзен» мағынасындағы көне түркі диалектілерінің бірінен алынған деген пікірлер бар. Біз Шу өзенінің бұл көрінісін Мойынқұм ауылы маңынан жеңіл ұшыртып көзге алған биіктен түсіріп алған өдік.

## ШУ ӨЗЕНІ



Суретті түсірген Досқан Балабекұлы

Құрылтайшы және шығарушы: «ҚАЗАҚ ГАЗЕТТЕРІ» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор – Редакторлар кеңесінің төрағасы

**Шамшидин ПАТТЕЕВ**

қайыпдау белмесі 272-87-30  
жарыма белмі 267-00-44  
www.tengemonitor.kazgazeta.kz  
E-mail: kaz\_gazeta@mail.ru

**TENGE MONITOR**

Бас редактор  
**Нұржан ҚУАНТАЙҰЛЫ**

Бас редактордың орынбасары –  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі  
**Рымық САҒЫНБЕКОВА**

**Бөлім редакторлары:** Ботагөз ӘБДІРҚАЙЫ, Исатан ҚАМБАРОВ, Нұрлан ҚУМАР, Гүлмира МЕРАЛИНА

**Бетшегі:** Ернар ОРМАНОВ

«Қазақ газеттері» ЖШС-ның аймақтардағы өкілдіктері:  
Ақтөбе облысында: Жанғабай Қазақбаев 8 771 769-63-22  
Маңғыстау облысында: Бектур Телуғалиев 8 701 774 2141

Газагеттің терілуі мен бет қатталуы «Қазақ газеттері» ЖШС-ның компьютерлік орталығында жасалды. Оффсеттік басылған.

**АҚПАДАСТАР АЛҚАСЫ:**

АЛШАНОВ Рахман  
ӘБДИМАННОВ Сарсенғали  
БЕКБОЛАТҰЛЫ Жетпісбай  
ЕСПІЛОВ Тілектес  
КАЛИЕВ Габи

НҮРСЕЙІТ Айтқали  
САЛТАРБЕК Әбіраманжол  
САТЫБАЛДИН Садықбай  
ТӨРІБЕКОВ Нұрлан  
ГУЗОВСКИЙ Петр (Польша)

**Тапсырыс: 1514. Таралымы: 5000.**

Газет атпасына 1 рет шығады.  
Газет «Дәур» РПБЖ ШС-да басылады.  
Алматы қаласы, Ш.Қалдаяқов көшесі, 17 үй.  
Тел.: 273-50-53.

**МЕМН ЖАЙЛЫҚ:**  
050013, Алматы қаласы,  
Жетісудың өңірі,  
175, 4-қабат,  
463-Бөкей (Төлеуір)  
тел: 273-87-84

404-Бөкей (Бас редактор)  
тел: 267-36-34  
факс: 272-86-11

E-mail: kazekonomika@mail.ru  
www.tengemonitor.kazgazeta.kz  
www.kazgazeta.kz

Гүлмира МЕРАЛИНА

«Tenge monitor» газетіне жарияланған материалдардың авторлық құқы «Қазақ газеттері» ЖШС-ға тиесілі, жарияның мәтіні мен тіліне редакция жауапты емес. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция қазірқарарында қалдырылмайды.